

**Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Сагидолда Гүлғайшанын  
 8D02304 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
 Жумашева Камшат Бериковнаның «Тілдегі гендерлік оппозиция» атты диссертациясына  
 ЖАЗБАША ПІКІРІ**

<b>Р/Н №</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>«Тілдегі гендерлік оппозиция» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмыстың бағыты мен мазмұны төмендегі ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді және оларда көзделген мақсат-міндеттерді шешууге өз деңгейінде үлес қоса алады деп санаймыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Қазакстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</li> <li>Қазакстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстаниң тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортактығы. Қазакстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы).</li> <li>«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дағы фольклоры мен музыкасының мың жылды. 21.11.2018 ж.).</li> <li>«Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы.</li> </ol>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыланырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын</p>	<p>Аталған зерттеушінің диссертациялық еңбегі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖФТК бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес орындалған деп танимыз (5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.)</p>

		көрсету)	
2.	Фылымға маңыздылығы	Жұмыс фылымға елеулі үлесін <b>косады</b> /коспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысы фылымға <b>елеулі үлес косады</b>, маңыздылығы зор. Диссертацияның құрылымы, такырыбы, мазмұны жүйелі және фылымдағы теориялық тұрғыдан дәлелденген. Жұмыстың орындалу сапасы жоғары. Зерттеу нәтижесінде кол жеткізген түйіндер мен қорытындылары шыныайы, нақтылығымен және фылыми көзқарастарының тиянақтылығымен тұжырымдалған. Диссертацияда гендерлік оппозицияның тілдегі көрінісіне кешенді талдау жасалған.</p> <p>Зерттеу жұмысында гендерлік оппозиция категориясы тілдік категория ретінде нақтыланып, тілдегі гендерлік оппозицияның фылыми негіздері мен зерттелу бағыттары, категориялары, лексикографиялық жүйеде бейнеленуі, концептуалды метафоралар арқылы модельденуі, тіл иелерінің ассоциативтік тәжірибесіндегі гендерлік метафоралардың оппозициялық табигаты зерттелген. Зерттеу нәтижесінде алынған фылыми тұжырымдар гендерлік лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвокогнитивтік зерттеудердің дамуына үлес косады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Диссертацияны <b>өзі жазу деңгейі жоғары</b> , ізденушінің фылыми стилі қалыптасқан. Диссертант тілдегі гендерлік оппозиция мәселесі туралы отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерін саралап, оның тілдегі көрінісін нақты тілдік талдаулар арқылы айқындауы жұмысты диссертанттың өзі жазғандығын айқартады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген</b> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық <b>жұмыстың өзектілігі жан-жақты негізделген</b> . Гендерлік оппозиция категориясын тілдік жүйеде өзектендіріп талдаудың маңыздылығына сүйене отырып, диссертация такырыбының маңыздылығы айқындалған. Тілдегі гендерлік оппозиция категориясы әлі күнге дейін отандық және шетелдік лингвистикада жеткілікті зерттелмеген, бұл фылыми жұмыстың өзектілігін танытады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация такырыбын айқындаиды 1) <b>айқындаиды</b> ; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	Диссертация мазмұны <b>диссертация такырыбын толықтай айқындаиды</b> . Диссертация құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, еki болімнен, корытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация такырыбына сәйкес жұмыстың ішкі мазмұны гендерлік оппозицияның тілдегі көрінісін айқындауға бағытталған. Ұсынылып отырган тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жасалған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация такырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді</b> ; 2) жартылай сәйкес келеді;	Диссертацияның <b>мақсаты мен міндеттері такырыбына толық сәйкес келеді</b> , нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық кол жеткізген. Зерттеудің мақсатына сәйкес гендерлік оппозицияның фылыми негіздері мен зерттелу

		<p>3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан</u></b>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қафидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар</u></b>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>бағыттары, категориялануы, лексикографиялық жүйеде бейнеленуі, концептуалды метафоралар арқылы модельденуі, тіл иелерінің ассоциативтік тәжірибесіндегі гендерлік метафоралардың оппозициялық табигаты зерттеліп, нақты нәтижелерге кол жеткізілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен <b>толық байланысқан</b>, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабактастықта берілген. Эр бөлім бойынша жасалған тұжырымдар мен жұмыстың корытынды бөлімі арасындағы сәйкестік сақталған.</p> <p>Диссидент ұсынған жаңа шешімдер <b>дәлелденген</b>, өзіндік тұжырымдары тың пайымдаулары, сынни талдаулары бар (19, 20, 26-27, 39-40, 49, 74-76, 94-95, 122-123).</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қафидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа</u></b>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың <b>ғылыми нәтижелері мен қафидаттары толығымен жаңа</b>. Лингвистика ғылымында гендерлік оппозиция категориясы алғаш рет зерттеу нысанына алынып, ізденуші зерттеу барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге кол жеткізген: гендерлік оппозиция терминін анықтаған зерттеушілердің пікірлері талдана отырып, гендерлік оппозицияның негізгі категориялары ретінде ерек – әйел, маскулиндік (еректік) – фемининдік (әйелдік) категориялары алынатындығы тұжырымдалып, тілдегі гендерлік оппозиция терминіне аныктама берілген; гендерлік оппозицияның лексикографиялық жүйедегі көрінісін талдау арқылы гендерлік оппозициялар түрлі ерекшеліктер негізінде калыптасатын категория екендігі дәлелденген; тілдегі гендерлік маркерленген және маркерленбеген метафораларды аныктап, гендерлік маркерленген метафоралар жүйесіндегі гендерлік оппозицияның мазмұндық ерекшелігін, когнитивтік модельдерін айқындаған; ассоциативтік тәжірибелік зерттеу жүргізу арқылы диссидент гендерлік оппозицияны ерекшелейтін ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жіктең, гендерлік ерекшелік индексін ғылыми негіздеген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа</u></b>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</li> </ol>	<p>Диссертацияның <b>корытындылары толығымен жаңа</b>. Эр корытынды жеткілік түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Тұжырымдардың барлығы жұмыстың корытынды нәтижелерінің жаңа екендігін көрсетеді.</p>

		<p>табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b><u>толығымен жаңа</u></b>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	<p>Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда аукымды дәлелдемелерде <b><u>негізделген</u></b>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың максатына жету үшін колданылған <b><u>шешімдері толығымен жаңа</u></b> және негізделген.</p> <p>Гендерлік оппозицияның лексикографиялық жүйедегі көрінісін оппозициялық тұрғыдан талдау, ассоциативтік тәжірибелік зерттеу жүргізу арқылы гендерлік оппозицияны ерекшелейтін ұқсастықтар мен айырмашылыктарды жікте, оны гендерлік ерекшелік индексі арқылы негіздеу үлгісі тіл ғылымына үлес қосатын басты жаңалық болып табылады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді мे?</p> <p>1) <b><u>дәлелденді</u></b>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b><u>жок</u></b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b><u>ия</u></b>;</p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b><u>кен</u></b></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b><u>ия</u></b>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Диссертация негізіндегі <b><u>ұсынылған әрбір қағидат нақты дәлелдермен ұсынылған, тривиалды емес</u></b>, әрбір қағидат – <b><u>жаңа</u></b>, әрі колданылу деңгейі аукымды, <b><u>кен</u></b>, диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері <b><u>мақалаларда көрініс тапқан</u></b>:</p> <p>1. Оппозиция категориясы «гендерлік оппозиция», «тілдегі гендерлік оппозиция» ұғымдары арқылы өз мәнін сипаттай алады және олармен бірігіп толыққанды тілдік категория жүйесін калыптастырады. Гендерлік оппозиция гендерлік лингвистиканың негізгі зерттеу категориясы ретінде тілдегі гендерлік қарама-қарсылықтарды сипаттауга негіз болатын маскулиндік пен фемининдік категорияларын айқындастырып ұғым-түсініктердің тілде құрылымдануын айқындауды деген тұжырымы зерттеушілердің оппозиция, гендерлік оппозиция ұғымына берген аныкташалары салыстырыла талданып, гендерлік тадауларда гендерлік оппозицияның негізгі категориялары ретінде ерек – әйел, маскулиндік (еркектік) – фемининдік (әйелдік) категориялары алынатындығын тұжырымдау негізінде дәлелденген.</p> <p>2. Гендерлік оппозицияның зерттелуі философиялық тұжырымдардан бастау алып, XX ғасырдың соңғы онжылдығында гендерлік теорияның дамуымен байланысты гуманитарлық ғылым салаларында, оның ішінде лингвистикада жеке зерттеу нысанына айналды. Гендерлік оппозиция жалпы гендерлік лингвистикалық категорияларды негізге ала отырып әлеуметтік лингвистикалық,</p>

		<p>психолингвистикалық, лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық ұстанымдар тұрғысынан пәнаралық сипатта анықталады деген тұжырымы тіл білімінде гендерлік оппозицияның зерттелуіне шолу жасау арқылы дәлелденген.</p> <p>3. Тілдік деректер мен лингвистикалық жүйелердің концептуалдық мазмұны мен құрамында оппозициялық қатынастардың көрініс табуы бұл категорияның тілдік ерекшеліктерін анықтауды талап етіп, ұсынылған зерттеу проблемасының жүйелілігін көрсетеді деген тұжырымы тілдегі гендерлік оппозиция категориясына жан-жакты оппозициялық тілдік талдау жасау арқылы дәлелденеді.</p> <p>4. Гендерлік оппозиция категориясы зерттеуге алынған семантикалық, концептуалдық мәні жоғары тілдік деңгейлер мен қабаттарда (лексикалануда, лексикографиялануда, метафоралануда, ассоциациялануда) өзектендіріледі. Гендерлік болмыстың оппозициялық қатынастарын асимметриялық категория ретінде тілдік деректер арқылы талдау, оның категориялану жолдарының танымдық-мифологиялық, лингвистикалық, әлеуметтік, когнитивтік негіздерін аныктайды. Зерттеуде тұжырым гендерлік оппозицияның лексикографиялық жүйеде бейнеленуін, концептуалды метафоралар арқылы модельденуін, тіл иелерінің ассоциативтік тәжірибесіндегі гендерлік метафоралардың оппозициялық табигатын зерттеу арқылы дәлелдеген.</p> <p>5. Тілдегі оппозициялық қатынастар мен деректер гендерлік маркерленген, маркерленбеген және ұлттық-мәдени сипатталған семантиканы қамтиды, олар гендерлік тілдік тұлға дүниетанымының концептуалдық, ассоциативтік, метафоралық модельденуі барысында көрініс табады. Гендерлік маркерленген метафоралар әртүрлі концептуалды сала құбылыстарын ұксастыру негізінде маскулиндік-фемининдік оппозициясының мазмұнын, асимметриялық сипатын аныктайды деген тұжырымы «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» мен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» гендерлік маркерленген және маркерленбеген метафоралық атальнымдарды іріктең, гендерлік маркерленген метафоралық атальнымдар құрамындағы гендерлік оппозицияның сипатын, құрамы мен мазмұндық түрлерін, когнитивтік модельдерін айқындау арқылы дәлелдеген.</p> <p>6. Гендерлік тілдік тұлға дүниетанымың ассоциативтік тәжірибелік талдау арқылы гендерлік оппозицияның когнитивтік-әлеуметтік, лингвомәдени ерекшеліктері анықталады – зерттеуші маскулиндік-фемининдік жүйедегі өзекті асимметриялық семантиканы және оппозициялық концептуалды модельдерді айқындаиды. Тұжырым</p>
--	--	---

			<p>жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сүйеніліп дәлелденген. Кестелер арқылы рәсімделген.</p> <p>7. Гендерлік оппозиция категориясының тіл жүйесіндегі көрінісін келесі ғылыми-әдістемелік негізге сүйеніп зерттеу, тиімді, кешенді және интегративті талдау нәтижелерін бере алады, олар – гендерлік ерекшелік индексін анықтау, гендерлік параметрлерді белгілеу, гендерлік тілдік тұлға сипаттарын үлгілеу, гендерлік семантиканың асимметриялық корреляциясын анықтауға мүмкіндік береді. Тұжырым диссертациялық жұмыста колданылған зерттеу әдістері арқылы кол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама накты жазылған  1) <u>иля</u> ; 2) жок	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау <b>сапалы негізделген</b> . Таңдау, салыстыру, іріктеу, сипаттау, саралау, жүйелеу, жинақтап корыту сиякты жалпы ғылыми талдау әдіс-тәсілдерімен коса, гендерлік семантиканы компоненттік талдау, стратификациялау, модельдеу, оппозитивтік, когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілері, тілдік бірліктерді зерттеу амалдары мен лексикографиялық талдау қағидаттары, статистикалық талдау әдістері басшылықта алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:  1) <u>иля</u> ; 2) жок	Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Диссидентант сызбалар мен суреттерді пайдалану арқылы гендерлік лексемалар жұбының гендерлік оппозициялық катынастасы көрінісін (60, 61, 62, 63, 65, 71, 73-бб.), гендерлік оппозициялық құрылым үлгісін (68-бет), гендерлік маркерлену тұрғысынан алғанда метафоралардың түрлерін (79, 80, 81, 82, 86), гендерлік белгілерді сипаттайтын метафоралық атальмадардағы ерлер мен әйелдердің сипаттамалық түрлерін (91), ассоциативтік (метафоралық) колданыстасы гендерлік ерекшеліктер көрінісін (98-122) сипаттаған.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандаудықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):  1) <u>иля</u> ; 2) жок	Зерттеудің теориялық корытындылары мен нәтижелері, анықталған өзара байланыстар мен зандаудықтар тілдік деректер мен ассоциативтік тәжірибелер арқылы <b>дәлелденген</b> . Тілдегі гендерлік оппозицияның метафоралық модельденуін анықтауда сөздік корпусынан метафоралық адам атальмадары іріктеліп, гендерлік маркерленген және маркерленбеген метафоралар сараланған. Гендерлік маркерленген метафоралар ерлерді және әйелдерді атайдын метафоралар деп бөлініп, метафоралық модельдер айқындалған, сипаттамалық ерекшеліктері көрсетілген. Гендерлік тілдік тұлға дүниетанымындағы оппозициялық мазмұнды саралауға бағытталған зерттеу бөлігінде ассоциативтік тәжірибеге барлығы 912 респондент, оның 567-сі (бес жұз алпыс жеті) оффлайн

			форматта қатысқан (К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті және М. Өтемісов атындағы Батыс Қазакстан университетінің білім алушылары). Сонымен қатар, онлайн сауалнамаға (Гугл форматында) барлығы 345 (үш жұз қырық бес) респондент қатысқан (180 әйел; 165 ер). Тәжірибелі оффлайн болігі студенттік аудиторияларда әссе жазу түрінде өткізілген. Тәжірибелі зерттеуді жүргізу барысында респонденттердің гендерлік ерекшеліктері басшылықка алынып, олардың әлеуметтік мәртебесі, жас ерекшелігі тенденстіріліп қаралған, ассоциативтік тәжірибелі бағытталған түрі колданылған: респонденттер зерттеу міндеттеріне қарай жақын әлеуметтік ортасындағы адамдарды метафоралар арқылы сипаттап, негізdemесін көрсеткен.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды тілдік деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер және т.б. сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы <b>расталған</b> . Диссертациялық жұмыстың теориялық, методологиялық негіздерін қалыптастыруда тақырып бойынша іргелі еңбектерді кең көлемде карастырған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткілікცіс	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға <b>жеткілікті</b> . Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың еңбектері, барлығы 126 әдебиет колданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмысты рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иғя</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның <b>теориялық маңызы бар</b> . Зерттеудегі теориялық тұжырымдар гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лексикология, лингвомәдениеттанудың теориялық негізіне улес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иғя</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның <b>практикалық маңызы бар</b> және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеудің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін тілдік және мәдени анықтамалықтар, гендерлік лингвистика сөздіктерін, лексикографиялық еңбектерді құрастыруда колдануға болады. Қалыптастырылған зерттеу әдістемесі – лингвистикалық ғылыми іздептерде үлгі бола алатын тәжірибе. Нактыланған ғылыми ұғымдар гендерлік лингвистикалық зерттеулердің, казіргі тіл білімінің және тілтанушылардың ғылыми метатілін дамытуға улес қосады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары <b>толығымен жаңа</b> . Бұған себеп, біріншіден, гендерлік оппозицияның тілдегі көрінісі кешенді түрде алғаш рет зерттеліп отыр. Екіншіден, лексикографиялық дереккөздердегі гендерлік лексемалар оппозициялық тұрғыдан

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	талданады. Үшіншіден, гендерлік оппозицияның казак тіліндегі метафоралық модельдері алғаш рет жасалған. Төртіншіден, гендерлік тілдік тұлға дүниетанымындағы оппозициялық мазмұнды саралауға бағытталған зерттеу жүргізіліп, алғаш рет гендерлік ерекшелік индексі параметрі колданылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссиденттың академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b> , стилі қалыптасқаны байқалады, зерттеу жұмысының тіл жатық, ғылыми стильде жазылған.

Ресми рецензент төмөндегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауга жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Жумашева Камшат Бериковнаның «8D02304– Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Тілдегі гендерлік оппозиция» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы



Сагидолда Г.

13.11.2023

